



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

**«Қазсушар» РМК қызметкерлерді
іріктеу және жалдау ережесін бекіту туралы
«Қазсушар» РМК 2024 жылғы 23 мамырдағы
№ Ө-245 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

«Қазсушар» РМК Жарғысының 22 тармағының б) тармақшасына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазсушар» РМК қызметкерлерді іріктеу және жалдау ережесін бекіту туралы» 2024 жылғы 23 мамырдағы № Ө-245 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Ереженің 4 тармағындағы:

7) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«7) басшы қызметкерлер – Бас директор, Бас директордың орынбасарлары, Басқарушы директор;»;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11) комплаенс тексеру – Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты орталық аппаратындағы бөлімнің тиісті қорытынды ұсына отырып жүргізетін кешенді тексеруі»;

2) Қағидалардың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ішкі іздестіру ішкі ресурстарды талдауды және бос орындарды толтыру үшін кадр резервін пайдалануды көздейді. Құрылымдық бөлімшелердің басшы қызметкерлер/бөлім басшылары қызметкерлерге ауысуды ұсына алады немесе кадр резервінен үміткерді таңдай алады.

Бұл жағдайда үміткер:

1) бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі;

2) комплаенс тексерудің оң қорытындысын алуы (орталық аппарат қызметкерлерін жоғары тұрған лауазымдарға ауыстыру кезінде, филиалдардың қызметкерлерін орталық аппаратқа ауыстыру кезінде, филиалдар қызметкерлерін жоғары тұрған филиал басшылары лауазымдарына ауыстыру кезінде) міндетті.

Комплаенс тексеру қорытындысы 3 жұмыс күні ішінде беріледі және жеке іс материалдарына тігіледі.

Подписан в MetaDoc

Проверка по ссылке:

[\[Проверочная ссылка\]](#)



Комплаенс тексеруден теріс қорытынды алған жағдайда қызметкер ауыстырылмайды.

3) Қағидалардың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Конкурс (орталық аппарат қызметкерлерін және филиал басшыларын жұмысқа қабылдау кезінде) комплаенс тексеруден, біліктілікті бағалаудан, әңгімелесу және қорытынды шығару кезеңдерінен тұрады.»;

4) 14-1-тармақ мынадай мазмұнда толықтырылсын:

«14-1. Жауапты бөлім құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бір күн ішінде қатысушылар ұсынған құжаттарды комплаенс тексеруге жібереді.

Комплаенс тексеру қорытындылары 3 жұмыс күні ішінде беріледі және конкурстық іріктеу материалдарына/жеке ісіне қоса беріледі (қатысушы жұмысқа қабылданған жағдайда).

Комплаенс тексерудің оң қорытындысын алған жағдайда, қатысушының жеке іс материалдары мен қорытындысы біліктілікті бағалаудың келесі кезеңін өткізу үшін Конкурсстық комиссия мүшелеріне жіберіледі.

Комплаенс тексеруден теріс қорытынды алған жағдайда, үміткер конкурсқа одан әрі қатысуға жіберілмейді.»;

5) Қағидалардың 15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Конкурс комиссиясы комплаенс тексеру нәтижелерімен құжаттарды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалайды және дауыс беру арқылы қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды. Қатысушыларды жіберу туралы шешім Конкурс комиссиясының хаттамасымен бекітіледі.»;

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директордың м.а.

А. Ускенбаев



ЛИСТ РЕШЕНИЙ

Приказ по ОД № Ө-443 от 22.05.2025

Наименование проекта: «Қазсушар» РМК қызметкерлерді іріктеу және жалдау ережесін бекіту туралы «Қазсушар» РМК 2024 жылғы мамырдағы № Ө-245 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Кем и когда внесен (разработан) проект: Отдел управления персоналом

Исполнитель: Алданова Б.Ж., Ведущий эксперт (Департамент управления персоналом),

Подписано:

Ускенбаев А.А. (Заместитель Генерального директора по управлению активами, Руководство)
(и.о. Ускенбаев А.А.)

Дата подписания: 21.05.2025, 19:56

(Подписано без ЭЦП)

Согласовано:

№	Ф.И.О.	Наименование должности и структурного подразделения	Результат исполнения	Примечание	Дата и время исполнения
1	Иманкулова Ж.Е.	Директор Департамента (Департамент правового обеспечения)	Согласовано без ЭЦП		12.05.2025, 12:11
2	Рашидов А.Р.	Директор Департамента (Служба-комплаенс)	Согласовано без ЭЦП		12.05.2025, 14:47
3	Донбаева М.Б.	Директор Департамента (Департамент управления персоналом)	Согласовано без ЭЦП		12.05.2025, 14:59
4	Тулеев Б.С.	Заместитель Генерального директора по развитию (Руководство)	Согласовано без ЭЦП		12.05.2025, 15:15

